

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің "Сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялайтын мемлекеттік орталық (Мемқұрылыслицензия)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 қаңтар N 127

**Ескерту. Тақырыбына және мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.06. N 1029 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялайтын мемлекеттік орталық (Мемқұрылыслицензия)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны және оның еншілес кәсіпорындары жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Құрылысконсалтинг" ұлттық орталығы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қ а й т а ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

- 1) Қоғамның жарғысын бекітсін;
- 2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) оның жарғылық капиталының 51 пайызы мөлшеріндегі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сатуды жүзеге асыру;
- 4) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

**Ескерту. 3)-тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.06. N 1029 қ а у л ы с ы м е н .**

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 26 қаңтардағы  
N 127 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Астана қаласы" бөлімі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-26-жолмен толықтырылсын:

"21-26. "Құрылысконсалтинг" ұлттық орталық" ЖАҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулыға Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесі :

мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 264-жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетіне";

"264. "Құрылысконсалтинг" ұлттық орталығы" ЖАҚ".

4 . < \* >

**Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.16. N 557 қаулысымен .**